



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№24 (828) Сәрсенбі 14 маусым 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ БІР МИНУТ ҮНСІЗДІКПЕН БАСТАЛДЫ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Абай облысындағы өртте қаза тапқандардың жақындарына көңіл айтты. Үкімет отырысы бір минут үнсіздікпен басталды. «Өздеріңіз білетіндей, алапат өрт шығып, бірқатар елді мекенге қауіп төндірді. Тұрғындар

эвакуацияланды. Семейде жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай режимі жарияланды. Өрт сөндіру шараларын бақылау үшін Мемлекет басшысы шетелге сапарын тоқтатты. Үйлестіру штабының отырыстары үнемі өткізіліп тұрады. Өкінішке орай, адамдар қаза

тапты, біз орман өртіне қарсы тұрған 14 адамнан айырылып қалдық. Үкімет атынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамыз. Бір минут үнсіздікпен марқұмдардың рухына тағзым етуді ұсынамын», – деді Үкімет басшысы.

## БҮКІЛ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Апат айтып келмейді. Өткен жылы ғана Қостанай облысының орман алқаптарында болған алапат өртте 43 мың га орман шаруашылығы отқа оранған еді. Биыл қасіретті жағдай тағы қайталанды. Абай облысындағы алапат өртке байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11–13 маусым күндері Вьетнамға жоспарланған ресми сапарын кейінге шегеріп, шұғыл кеңес өткізу және апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету шараларын қабылдау үшін Абай

облысына барды. Орман өртінің салдарынан адамдардың қазаға ұшырауына байланысты 2023 жылғы 12 маусымды Қазақстан Республикасында Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялау туралы өкімге қол қойды. Мемлекет басшысы Абай облысына жұмыс сапарымен келіп, өртеніп жатқан орман алқабын тікұшақпен аралап шықты. Алапат өртке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Семей орманы» табиғи резерватындағы алапат өрт салдарынан қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарымен кездесіп, оларға көңіл айтты. Абай облысының «Семей орманы» табиғи резерваты аумағында болған өрттен табиғи құндылықтарымыз ғана зардап шегіп қоймай, ең қайғылысы адам шығыны орын алды. Осыған орай, еліміздің барлық аймағы семейліктерге қолын созып, көмек көрсетуге кірісті.

## ЕЛГЕ САПАЛЫ, ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Т.Сұлтангазиев Қызылорда облысына іссапармен келді. Вице-министр алдымен Тасбөгет кентіндегі №4 қалалық емхананың жұмыс барысымен танысты. Аталған емхана кентке қарасты 3000-ға жуық тұрғынға қызмет көрсетеді. Кентте жана емхана ғимаратын тұрғызу тұрғындардың көптен бері қозғап жүрген басынасы еді. Арнайы келген вице-министр осы мәселемен танысты. Мұнан соң вице-министр облыстық жедел-жәрдем станциясы мен облыстық көпбейінді аурухана жұмысымен танысты. Ондағы қызметкерлермен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыс барысын көрді. Мамадармен пікір алмасты.

министр. Өткен жылы Қазақстанда ауыл тұрғындарына профилактикалық тексерулер жүргізу бойынша ауқымды науқан басталды. Денсаулық сақтау министрлігі ауыл тұрғындары үшін профилактикалық тексерулер (скринингтер) жүргізу кезінде тәсілдерді қайта қарап, тексерулер тізбесін кеңейтті. 2022 жылы тексерілген 897 мың ауыл тұрғынынан 34 мыңға жуық адам динамикалық бақылауға алынды, оларда жоғары қан қысымы, қант диабеті, бүйрек патологиясы белгілері анықталды. Соның ішінде Қызылорда облысынан 51 мыңнан астам ауыл тұрғыны тексеріліп, 713 адам динамикалық бақылауға алынған.

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінің басым бағыттарының бірі халыққа сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету болып табылады. 2022 жылы Қызылорда облысында жалпы өлім-жітім 21 пайызға, сондай-ақ қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 16 пайызға, обырдан болатын өлім-жітім 12 пайызға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан және туберкулезден болатын өлім-жітім – 22 пайызға төмендеген.

Бар пациенттер 18 жұмыс күні ішінде ақпарат ала алады және тексеріледі-деді вице-министрі Т.Сұлтангазиев. Қазіргі уақытта республикадағы ауылда 5 мыңнан астам ұйым медициналық көмек көрсетеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы бекітілді, оның мақсаты ауыл халқына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру болып табылады.

«Халықтың сұрауы бойынша жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету көзделген амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді. Сондай-ақ, онкологиялық және гематологиялық ауруларға күдік болған кезде тексеру мен емделуді жеделдету үшін «Жасыл жол» енгізілді, оның шеңберінде онкологиялық ауруға күдігі

бар пациенттер 18 жұмыс күні ішінде ақпарат ала алады және тексеріледі-деді вице-министрі Т.Сұлтангазиев. Қазіргі уақытта республикадағы ауылда 5 мыңнан астам ұйым медициналық көмек көрсетеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы бекітілді, оның мақсаты ауыл халқына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру болып табылады. Өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектісін, оның ішінде 253 – медициналық пункт, 160 – дәрігерлік амбулатория және 242 – фельдшерлік-акушерлік пункт объектісін салу бойынша дайындық жұмыстары басталды. Ұлттық жоба шеңберінде Қызылорда облысының ауылдық елді мекендерінде 27 медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектісін құрылысы жоспарланған-деді вице-

Зибаш ӘЛІИ

## 300 МЫҢНАН АСТАМ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҚАЗПОШТА ҚЫЗМЕТТЕРІН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНАДЫ

«Қазпошта» АҚ-на биылғы жылы 30 жыл толады. Осы уақыт аралағында ұлттық пошта байланыс операторы миллиондаған қазақстандықтарға түрлі қызмет көрсетіп, тұрақтылықтың символына айналды. Бұл ретте, компанияның жылдар бойы шалғайдағы елді мекендерге бірқатар қаржылық әрі мемлекеттік қызметтерді көрсетіп келе жатқандығын көшілік біле бермейді. Осыған орай, бүгінгі материалда ұлттық пошта операторының пошта қызметінен бөлек қандай қызмет ұсынатынын білетін боламыз.

«Бүгінде ауыл тұрғындары үшін, Қазпошта екінші деңгейлі банктер бірдей қызмет көрсетіп келеді. Біздің ауылдық бөлімшелерде тұрғындар жеке тұлғалардан төлем қабылдау, ақша аударымдары, зейнетақы және жәрдемақы алу, жинақтық салым ашу сияқты қызметтерді ала алады. Сондай-ақ оларға есептік-кассалық қызмет көрсету, тенте және шетелдік валютада ақша аудару, 2-12 ай мерзімде жинақтық салым ашу, overnight жағдайында салым ашу қызметтері қолжетімді. Бұл мақсатта клиенттерге тиімді болу үшін, Қазпошта бірнеше тарифтік жоспар әзірледі. Осы тарифтер арқылы мекеме қай салада жұмыс істесе де, қызмет көрсетудің арнайы жағдайларын ала алады. Қазірдің өзінде 300 мыңнан астам заңды тұлға тұрақты түрде біздің қызметтерге жүгінеді. Сол сияқты Қазпошта 2000 жылдан бастап бағалы қағаздар нарығының кәсіби

катысушысы екенін әрі брокер ретінде қызметтер ұсынатынын көшілік біле бермейді. Яғни, Қазпоштақор нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен тапсырма бойынша, клиенттердің есебіннен мәмілелер жасасу бойынша брокерлік қызметтерді ұсынады», – деді «Қазпошта» АҚ қаржылық қызметтер жөніндегі басқарушы директоры Шолпан Абырова.

Еске сапарлығы, Қазпошта 2018 жылдан бастап «Қолжетімді пошта» жобасын іске асырып келеді. Оның аясында бүгінде пошта бөлімшелерінен бөлек, 150 поштамат пен 208 сәлемдемелер супермаркеті жұмыс істеді. Күн сайын олар арқылы 150 мыңнан астам бандероль беріледі. Бұған қоса қазақстандықтардың әр екінші сәлемдемесі ұлттық пошта байланыс операторы арқылы жеткізіледі. Бүгінгі Қазпошта электрондық коммерция бағытын дамытуды қолға алып жатыр. Сондай-ақ пошта операторы алдағы уақытта ауыл-аймақтарда тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің саны артатынын айтады.

Майнұр ЖАНАҚОВА



## АЛМАТЫДА БЕРДІБЕК САПАРБАЕВТЫ СОҢҒЫ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың қайтыс болуына байланысты Алматыда өтіп жатқан аза тұту шараларына қатысты. Қоштасу рәсімінде сөз сөйлеген Әлихан Смайылов Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту хатын оқыды.

министр Үкімет мүшелері және өзінің атынан көңіл айтты. «Бердібек Машбекұлы өзінің еңбегімен еліміздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Қай қызметте болсын, халық мүддесіне бар күш-жігерін жұмсап еңбек етті. Бердібек Машбекұлының ерен еңбегі мен жарқын бейнесі халық есінде мәңгі сақталады», – деді Әлихан Смайылов.

«Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың дүниеден өтуіне байланысты қайғыра көңіл айтамын. Бердібек Машбекұлы ұзақ жылғы еселі еңбек жолында лауазымды қызметтерді абайролы атқарып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өркендеуіне және өңірлерді дамытуға мол үлес қосқан еді. Мемлекетіміздің сындарлы саясатын үлкен біліктілікпен жүргізе біліп,

Қазақстанның беделі мен мәртебесінің арта түсіне қажыр-қайратын жұмсады. Азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленді. Соңына өшпес із қалдырған Бердібек Машбекұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», – деп жазылған Мемлекет басшысының көңіл айту хатында. Өз кезегінде Премьер-

Бердібек Сапарбаевпен қоштасу рәсімі Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өтіп жатыр. Бүгінде белгілі отандасымен қоштасуға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Үкімет мүшелері, бірқатар облыс әкімдері, Парламент депутаттары, мәдениет, спорт және басқа да салалардың өкілдері келіп отыр.

«Ел тілегі» ақпарат

Индекс: 65007-Республикалық «Ел тілегі» газетіне жазылу 6 айға бағасы – 2500 теңге

Индекс: 74023-Республикалық «Жарасымды Жанұя» журналына 6 айға жазылу бағасы – 2850 теңге

Индекс: 76209-Республикалық «Білімді Ел – Қазақстан» ұстаздарға арналған журналына 6 айға жазылу бағасы – 5500 теңге

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

### ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕДЕП ТІРЛІК ҚАРҚЫНДЫ

**Өткен аптада аудан әкімі Серік Сермағамбетов аудан орталығындағы жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралап, олардың бүгінгі жұмыс барысымен танысты.**

Қазіргі таңда Арал қаласында «Шағын калаларды дамыту» бағдарламасы аясында 766,8 млн теңге қаржыға жалпы ұзындығы 5,5 шақырымды құрайтын 7 көшенің құрылысы жүргізілуде. Олардың қатарында Ж.Тәжімбетов, Төле би, С. Мұқанов, Ә. Жұбаниязов, Ә. Сағатов, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов көшелері бар. Бүгінде аталған көшелердің тегістеу жұмыстары жүргізіліп, астыңғы қабаты көтеріліп, қиыршық тас төгілуде. Құрылыс басына арнайы барып, жоспарланған жұмыстардың

барысын көрген аудан әкімі аталған нысандарды сапалы әрі уақытлы бітіруді тапсырды.

Мұнан соң аудан басшысы «Жалантөс баһадүр» алаңын аба тандыру бойынша жұмыстардың жай-жапсарын бағамдады. Бұл жоба 2022 жылы облыстық бюджеттің қаржыландыруымен басталды. Қазіргі кезде құрылыс жұмыстарының басым бөлігі жүзеге асқан. Демалыс орнына қажетті жабдықтар толығымен жеткізілген. Жақын күндері ел игілігіне беру көзделуде.

Аудан орталығындағы тағы бір қызу құрылыс жүргізіліп жатқан демалыс орнының бірі – Балықшылар аллеясы. Аталған нысан 2022 жылы басталып, бөлінген қаржыға «Балықшылар монументі», субұрқак, балықшылар тактасы жасалған. Бүгінде мұнда жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарық шамдар қойылып, шамшырақ (маяк) орнату жұмыстары жүргізілуде. Тиісінше бұл жерде аралдықтардың серуендеп, демалатын орталығына айналмақ.

Қаладағы тағы бір қарқынды құрылыс Арал қаласындағы Д.Нұрпейісова, Қ.Оразалиев, А.Мархабаев көшелерінде жүрде. Мұнда «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының аясында республикалық бюджеттен

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына арналып 50 пәтерлік 25 үй тұрғызылуда. Жергілікті мердігер мекемелермен жүргізіліп жатқан құрылыс нысанына аудан әкімі барып, қазіргі жай-күйімен танысты. Өз кезегінде Серік Сағитжанұлы баспана құрылысын сапалы салуды, кемшіліктерге жол бермеуді жауапты бөлім мен мердігер мекемеге жүктелді.

Айта кетейік, аудан орталығындағы жүргізіліп жатқан барлық жол мен құрылыс саласындағы жобаларды жергілікті мердігер мекемелер жүзеге асыруда. Сондай-ақ бұл нысандарда аралдық тұрғындар жұмыспен қамтылған.

Аудан әкімдігінің  
баспасөз қызметі

Қармақшы

### АУДАН ӘКІМІ ЕЛДІ АРАЛАДЫ

**Қармақшы ауданы әкімі Жандос Еркінбек ел Президентінің жарлығы аясында Қуандария және Т.Көмекбаев ауылдық округтерінің халқымен кездесті.**

Еркін форматта өткен кездесуде аудан басшысы жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Биыл Қуандария ауылында облыстық бюджет арқылы Ерімбет және Бейбітшілік көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, Т.Жұбандықов көшесінің бойындағы балалар ойын алаңына жасанды (газон) төсеніш және ауылға КТПН-400-10/0,4 кВ трансформатор сатып алынбақ. Одан бөлек, 5 көшені жарықтандыру үшін жоба-металық құжаттама әзірлеу және сараптамадан өткізуге қаржы қаралып отыр. Ал Т.Көмекбаев

ауылында ағымдағы жылы су құбыры ғимараттарын қайта жаңғырту, №18 «Қуаныш» бөбектер бақшасы қазандық ғимаратын салу және «Қарақ», «Қоныраулы» учаскелерінде су шаруашылығы жұмыстары жүргізіледі. «Т.Көмекбаев ауылы паспорты» орнатылып, аба тандырылады. Сонымен қатар, Тәуелсіздік, Балқы базар көшелеріне жөндеу жүргізуге жоба-металық құжаттама әзірлеу және сараптама қорытындысын алуға тиісті қаржысы қаралған.

Жылы соңында аудан басшысы елдімекендерді дамыту

мен халықтың тұрмыс-тіршілігін арттыруға бағытталған игі істер жалғасын таба беретінін жеткізіп, әрі қарай тұрғындардың қойған сұрақтары мен ұсыныс-пікірлеріне жауап берді.

Сондай-ақ аудан басшысы халықпен кездесулерден кейін Қуандария ауылындағы Ерімбет және Бейбітшілік көшелерінің орташа жөндеу жұмыстарымен және Т.Көмекбаев ауылындағы «Жастар бастамаларын қолдау» әлеуметтік жобасы аясында атқарылған жұмыстармен танысты.

Сырдария

### 33656 ГЕКТАР ЕГІН ЕГІЛДІ

**Сырдарияда бүгінде егін науқаны толық аяқталды. Биыл аудан бойынша жалпы 33963 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленсе, есепті кезеңде ауыл шаруашылығы құрылымдарында 33656 гектар егін егілді.**

– Аудандағы шаруашылық құрылымдары егін дақылдарын орналастыру жұмыстарын аяқтады. Оның ішінде, негізгі дақыл күріші – 21885 гектар,

180 гектар мақсары, 1683 гектар жаздық бидай, 15 гектар арпа, 1828 гектар жаңа жоңышқа, 410 гектар картоп, 221 гектар көкөніс, 363 гектар бақша дақылдары

орналастырылып, 7071 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды. Егін ету науқаны ауданда қарқынды іске асырылып, нәтижесінде жоспарлы жұмыс орындалды. Одан бөлек, дикан қауымының арасында бақша дақылдарын егуге ниет еткендер қатары көп. Сол себепті де олар өздерін қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жер учаскелері берілді.

Мемлекет тарапынан егстік жерлердің күтіміне қажетті барлық құралдармен қамтамасыз

етілді. Суару үшін су айдайтын насос пен қажетті жанар-жағармай уақытлы жеткізіліп тұрды. Енді егілген егінді күтіп баптап, одан күзде мол өнім алу қамына кірісетін боламыз, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбол Жұмабеков.

Айту керек, осы күні Сырдарияда негізгі дақыл күрішін 21885 гектары 100 пайыз егіліп, толығымен суға бастырылды.

Жаңақорған

### ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңейтілген мәжіліс өткізді. Жиында ауданға қарасты кент және ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық ахуалы, тұрғындарының талап-тілектері ескеріп, бастамаларына қолдау көрсетудегі мәселелер, алдағы даму жоспарлары қаралды. Оған барлық құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық басқармалар мен аудандық бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты.**

Мемлекет басшысының «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы ауылдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттарын айқындап берді. Ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсартуды көздейтін тұжырымдамаға сүйеніп, Жаңақорған ауданындағы өндіріс, индустрия, кәсіпкерлік, аграрлық салалардың мәселелерін шешуге мүмкіндік бар.

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысына жыл сайын бағалау жүйесін енгізу керектігін айтқанда әсіресе, ауыл әкімдерінің қызметіне ерекше тоқталды. Оларға күн сайын тұрғындардың мұқтажын тыңдап, талап-тілектеріне дер кезінде назар аудару міндетін қойды. Жалпы ауылдың елдегі бастамаларға қосылуы, жаңа бағдарламалар

мен жобаларға қатысуы ауылдық округ әкімдеріне байланысты.

«2022 жылдың қорытындысымен аудандар мен Қызылорда қаласы бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер рейтингінде Жаңақорған ауданы 4-ші орынға тұрақтап, дамудың орта көрсеткішін көрсетті. Өңдеу өнеркәсібінде өсім 86,1 млрд. теңгені құрап 3,6 пайызға, бөлшек сауда көлемі 7,1 млрд. теңгені құрап, 1,6 пайызға артқан. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 53,2 млрд. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 154,9 пайыз болды. Биылғы қантар-сәуір айларында ауданның өнеркәсіп кәсіпорындары 34,9 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 86,1 пайызға төмендеген. Аудан экономикасына 9,9 млрд. теңгеге инвестиция

салынған, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7 есе артты», – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы Жаңақорғанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы нақты көрсеткіштерді мысалға келтіріп, аудан әкіміне бірқатар тапсырмалар берді. Қазіргі уақытта ізденіс пен бастамашылдық жұмысты ширатады. Сондықтан халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға баса назар аударылуы керек. Мемлекеттік бағдарламалар ұсынған мүмкіндіктерді дер кезінде пайдалануда, оның халыққа тиімді шарттарын түсіндіруде әлі де жетіспейтін жағдайларды қаржыландыру тоқтауы мүмкін. Спутникті және тіректі елді мекендер тізіміндегі ауылдар бағдарламаның артықшылықтарын пайдаланбаған.

Тағы бір ауқымды бағдарлама – «Ауыл аманаты» жобасына да Жаңақорған ауданынан Қожакент және Аққорған ауылдық округтері ғана қатысқан. Мұндайда, өрине әкімдердің іскерлігі сығға түседі. Мемлекеттің ауылға бағытталған бағдарламалары мен ұлттық жобалары арқылы қаржы тарту, ол қаржының қажеттігін дәлелдеп шығу, істің көзін тауып, ауыл

тұрғындарын бір мақсатқа жұмылдыру – ауыл әкімдерінің негізгі міндеті. Облыс әкімі аймақтағы әрбір ауылдың ахуалын, ондағы жұмыс барысын бақылау мен қадағалаудан тыс қалдырмайтынын айтты. Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетовке нақты тапсырмалар беріп, жұмысты үйлестірудің негізгі бағыттарын, кәсіпкерлікті қолдау мен тұрғындар, жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтудың, ауыл тұрғындарының бастамаларын ілгерілетудің жолдарын атап көрсетті. Жастарды кәсіпкерлікке ынталандырудағы кейбір түйткілдерді түп негізі ақпараттандырудың жетіспеушілігінде екенін атап айтты.

Облыс әкімі Жаңақорған кенті мен ауылдардағы тіркелген қылмыстардың, олардың ашылу көрсеткішінің төмен екенін сығға алды. Әр ауылдағы ахуалға тоқталып, жауапты қызметкерлерге тапсырмалар жүктелді. Жағдайды қоғамдық және ардагерлер кеңестерінде үнемі талқылап, келенсіздіктерді болдырмаудың жолдары ұсынылса, құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстар жүргізілсе, барлығын бақылауда ұстауға болады.

Жиын соңында аймақ басшысы жазғы демалысқа шыққан мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігі, әсіресе, судағы жазатайым жағдайлардың алдын алудың маңыздылығын атап өтті.



### ГЕРМАНИЯДА АБАЙ ҮЙІ АШЫЛДЫ

**Қазақстанда туып-өскен немістер Германияда Абай үйін ашты. 20 жыл бұрын тарихи Отанына оралған Валерий Оствальд Залах қаласында «Қазан» деген атпен қауымдастық құрған.**

«Qazaqstan» ұлттық арнасы ұсынған ақпаратқа қарағанда, бүгінде 100-ден астам мүшесі бар ұйым Германияда қазақ мәдениеті мен өнерін кеңінен насихаттап отыр.

«Абай үйі - Германия мен Қазақстан арасындағы мәдени көпір болады деген үміттеміз.

Абай - ұлы жазушы. Әлем жұрты оның есімін білуі тиіс. Біз Қазақстанда туып-өстік, ол - біздің Отанымыз. Туған жеріміздің жылдан-жылға көркейіп, дамығанын көріп, қуанып отырамыз», деді «Қазан» қазақ қауымдастығының төрағасы Валерий Оствальд.

### СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаменті сұранысқа ие бағыттардың тізімін ұсынды. Қазіргі уақытта еңбек нарығында келесі бағыттар сұранысқа ие: ақпараттық технологиялар; құрылыс және коммуналдық шаруашылық; геология; тау-кен өнеркәсібі; энергетика; металлургия және машина жасау; келіс; байланыс; педагогика; медицина және т.б.

Министрліктің мәліметінше, еліміздің колледждерінде барлығы 517 мың студент оқиды, оның ішінде 312 мың тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған. Биыл мемлекеттік білім беру тапсырысы 50 мың орынға артады. Сонымен қатар жаңа оқу жылынан бастап колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға көбейеді. Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын студенттер әлеуметтік қолдаумен қамтылады. Ол стипендия, тамақ және жолақысы.

### МӘМС қоры балаларды оңалту орталығына жыл сайын 200 млн. теңгеден астам қаражат бөледі

«University Medical Center» (UMC) корпоративтік қорының облыстық филиалында жыл сайын он шақты «балалар церебралды сал ауруы» диагнозы қойылған бала алғашқы қадамдарын жасайды. Орталықта тұсау кесер рәсімі өткізіледі.

Сегіз жасар Шерхан алғашқы қадамдарын екі жыл бұрын оңалту орталығында жасады. Бұған бүкіл ұжымның қажырлы еңбегі мен жүйелі оңалту емі ықпал етті, – деп анасы Самал орталық мамандарына алғысын білдіреді.

«Диагнозы: церебралды сал ауруы, спастикалық диплегия. Бұрын Шерхан өз бетімен жүрмейтін, агрессивті, тұйық болатын. Қазір баламыз жүргіншімен жүреді, құрдстарымен араласады, күлкіленеді, сөздік қоры арты. Ерекше балаларға даму үшін осындай көмек жасалғанына өте қуаныштымын. Алайда, осы орталықта оңалту еміне сұраныс көп болғандықтан, кезегімізді ұзақ күтеміз», – дейді Самал.

Тоғыз жасар Айкөркемде церебралды сал ауруының ең ауыр түрі: қос гемиплегия, яғни барлық аяқ-қолында бұзылулар бар. Оналтудан өткеннен кейін жақсару байқалады, дейді анасы Ғалымкүл. Сондай-ақ, Айкөркемнің ата-анасы оңалту емінен жиі өту үшін орталық

кеңейтілсе деп үміттенеді. «Орталықта мықты мамандар. Айкөркем осында отыруды үйренді, қолдаумен ақырындап алғашқы қадамдарын жасап жатыр. Осы орталықта емделу кезегімізді бір жарым-екі жыл күтеміз, ал балаларымызға жылына 2 рет оңалту қажет», – деп атап өтті Ғалымкүл.

Бөлімше менгерушісі Аман-дық Әскербековтің айтуынша, орталық әр айналдырма 60 баланы қабылдайды, сонда жылына 800 орталық мамандарына алғысын білдіреді.

«УМС» корпоративтік қорының оңалту орталығында церебралды сал ауруы, Даун синдромы, сөйлеу дамуының кешігуі, туа біткен жүйке жүйесінің ақаулары, энурез және медициналық оңалтуды қажет ететін басқа да аурулары бар бір жастан 18 жасқа дейінгі балалар оңалту емін алады. Пациенттерге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шенберінде тегін медициналық, әлеуметтік, педагогикалық оңалту көмегі көрсетіледі. Курс - 24 күн. 2022 жылы «УМС» орталығының 798 пациентін оңалтуға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 253,5 млн. теңге бөлінді

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛЫС СЕКТОРЫНДАҒЫ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ БОЙЫНША БІРІНШІ ОРЫНДА

Қантар-мамыр айларында Қызылорда облысы құрылыс секторында жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етіп, республика бойынша 1-ші орынға шықты. Сондай-ақ, Сыр өңірі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша үздіктер қатарында. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров хабарлады.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023 жылғы қантар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Ұлттық экономика министрі жыл басынан бергі негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін, оның ішінде Қызылорда облысының ілгерілеу динамикасын атап өтті.

«Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша Түркістан, Маңғыстау және Қызылорда облыстары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 12,1%-ға ұлғайды. Әсіресе, Қызылорда, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында жоғары өсу қарқыны байқалды», – деді ведомство басшысы.



## ЕРЖАННЫҢ ЕРЛІГІ ЕЛГЕ ҮЛГІ



Ерлік жасау мамандық пен сала таңдамайды. Десе де, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ол – тәртіп сақшылары. Қауіптің бел ортасында жүретін полицейлердің жұмысы оңай емес. Олар қоғам тыныштығын күзетіп қана қоймай, қиындыққа тап болған қаншама жанды ажалдан арашалап, өмірлерін құтқарып қалады.

Оның бір дәлелі ретінде Қызылорда өңірінің полицейі жергілікті тұрғынды ажалдан құтқарды. Жалағаш ауданы полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы полиция майоры Ержан Асылханұлы және патрульдік полиция тобының аға инспекторы полиция лейтенанты Ернұр Өміртайұлы аймақты аралаған. Кенеттен көліктің алдынан жергілікті тұрғын жүргізіп шығып, көліктерін тоқтауын сұрайды. Ентіккен азамат Бұқарбай Батыр елді-мекеніне қарасты «Северный» каналында бір азаматтың суға батып бара жатқандығын айтып, көмектесулерін өтінді. Осы сәтте

полиция қызметкерлері жедел әрі үйлесімді әрекет жасады, себебі абайламай жасалған бір әрекеттің өзі орны толмас қасіретке апаруы мүмкін еді.

Полицей Ержан тұңғышықа бойлаған жігітті аман алып қаламын деп ойланбастан суға секірді. Суға секіріп, жігітті жағаға шығарып, оған дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетті. Мән – жайды анықтау барысында жергілікті тұрғын канал жиегіне барып, күріштің суын тексеремін деп абайсызда құлап кеткендігі анықталды. Ол Қызылорда қаласындағы жоғарғы оқу орындарының бірінші студенті.

Полицейдің өзі атап өткендей, ол бұл әрекетті ерлік деп санамайды, бұл оның күнделікті жұмысының бір бөлігі ғана. Елге қызмет ететін осындай адал құқық қорғаушылар полиция абыройын көтеріп келеді. Алдағы уақытта сын сағатта ерлік көрсеткен полицейлер марапатқа ұсынылмақ.

## ЗАҢДЫ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

**Судья – сот жүйесіндегі басты тұлға. Судьяларға зор мәртебе беріле отырып, оған жүгі ауыр жауапкершілік пен талап жүктелген. Қалыптасқан тәртіп бойынша бүгінде елімізде судьялыққа үміткерлер барынша қатаң таңдаумен бірнеше сатылы іріктеуден өтеді. Жауапкершілігі мол қызметке тек мықты деген азаматтар ғана тағайындалады.**

Судья болу терең білім мен ағырлықты, кеменгерлікті жауапкершілік пен төзімді талап етеді. Себебі, ол адамдардың тағдырын шешеді, даулар туғызатын істерді қарайды. Қай санаттағы істер болмасын судья тараптарға бірдей қозғараспен қарап, істі заң шеңберінде шешеді. Өркеніетті елдерде қалыптасқан өлшемдер бойынша сот төрелігінің әділдігі және ашықтығы елдің жарқын болашағы. Заңы үстем елдің келешегі кемел. Сондықтан, әділдіктің жаршысы болып саналатын судьялардан ел адалдық, шынайылық, әділетті шешім талап етеді.

Бабаларымыз: «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деп, дауларға төрелік етудің қиындығын ауыр, әрі жауапкершілігі мол екенін меңзеген. Әділдік жолымен жүру, әділ шешім қабылдау – әр судьяның басты парызы. Бұл ретте судьяның адамгершілік бейнесі арқылы елдегі сот жүйесі туралы қоғамдық пікір қалыптасады. Сот төрелігіне сенімді күшейту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында басты тұлға болып табылатын судьялардың білімі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру

аса маңызды. Сонымен қатар, судья өзінің міндеттерін атқаруы кезінде және күнделікті өмірде, қызметтен тыс кезінде де моральдық және этикалық әдеп өлшемдерін сақтап, судьяның абырой-белесіне нұқсан келтіретін әрекеттерден бойын аулақ ұстауы тиіс.

Мұның бәрі Судья әдеби кодексінің талаптарында көрсетілген. Судьялардың қызметтегі және қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы әдеп кодексінің талаптарымен қатаң бекітілген. Соған сәйкес, судья кәсіби міндеттерін атқару кезінде және жұмыстан тыс уақытта әдеп қағидаларын сақтап, жоғары рухани принциптерді қатаң ұстанады.

Судьялық әдеп кодексінің талаптарын сақтаған судья әділетті шешім қабылдайды. Ол судья құқықтық қоғамның қалыптасуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуына, заңның үстем болуына ықпал етеді.

Судьялардың қызметі жазалау ғана емес, даулар бойынша азаматтарды өзара келісімге шақыру. Бүгінде елімізде сот жүйесінде татуластыру рәсімдері азаматтарды бітімге келтірудің маңызды тетіктері ретінде жүзеге асырылуда. Татуластырушы-судьялар татуластыру рәсімдері қолданылатын санатқа жататын даулар бойынша сотқа жүгінген азаматтарға татуластыру рәсімдеріне қатысу құқықтарын түсіндіреді.

2022 жылы Азаматтық процесстік кодекске өзгерістер енгізіліп, сотқа дейінгі хаттама институты пайда болды. Оның ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмасу алады. Уақыт үнемдеу, материалдық шығынды болдырмау және мемлекеттік бажды қайтару да сотқа дейінгі хаттама жасаудың басты артықшылықтары.

Қазақ даласында дауларға төрелік етіп,

қара қылды қақ жарып, әділ шешімін айту дәстүрі ертеден келе жатыр. Халқымыз ежелден-ақ орақ тілді би-шешендерді қадірлеп, қастерлей білген. Қазақ қоғамында жерге, жеріне, жетімге, құнға қатысты даулар көптеп кездескен. Адамдар өзара дауласып, келісімге келе алмағанда, билер сотына жүгінген. Шешімі жоқ деген қиын даулардың өзін дана бабаларымыз тобықтай түйінді сөзбен шешіп, әділ тұжырымын айтқан. Абыз ақсақалдардың сабырға шақырған дана сөздерінен соң, араздасқан азаматтар өзара келісімге келген. Мұның өзі қазақ халқының дүниетанымында аталы сөзге тоқтау, үлкендерді сыйлау құндылықтарының қай кезде де биік тұрғанын көрсетеді.

Халқымыздың сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған әрі тұрақты қоғам. Қазақстанның алға қойған мақсаты дәл сондай қоғам құру. Бұл ретте судьяларға қойылатын талап қашан да жоғары. Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесіндегі әр судья осы талаптың үдесінен шығып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділ қоғам құру жолында еңбектенуде.

Қазақстанда дербес сот билігі қалыптасқан. Судьялардың қоғам қажеттілігіне сай сот төрелігін жүргізу жауапкершілігі, кәсіби деңгейі мен қызмет этикасы нормаларын сақтауы еліміздегі сот жүйесінің ашықтығы мен судьялардың әділдігін көрсетеді. Қорыта айтқанда, сот билігінің абыройы мен белесі әділдікті ту еткен терең білімді судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруымен айқындалады.

**Телжан ЖУСПОВ,  
Байқоңыр қалалық сотының төрағасы  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

## «ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАСЫ ӨТТІ

**Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мен жолын кесу, балалардың құқығын қорғау мақсатында 7-9 маусым күндері аралығында облыс аумағында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық шарасы өткізілді.**

Шараға ювеналды инспекторлармен қатар, криминалдық полиция, есірткіге қарсы күрес бөлімдерінің қызметкерлері, сондай-ақ білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

«Жасөспірім» жедел-профилактикалық шарасы барысында полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандар арасында қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау шараларымен қатар, профилактикалық жұмыстарды, олардың құқығын қорғау жұмыстарын да ауқымды түрде жүргізді. Шара барысында жасөспірімдерді қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға тартқан, кәмелетке толмағандарға алкогольдік сусындар мен темекі өнімдерін сапқан, ата-аналық міндеттерін орындамайтын ересектерді анықтауға ерекше назар аударылды. Жыл басынан бері облыс бойынша құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін 3011 жасөспірім тіркелген. Балалардың түнгі мезгілде заңды өкілсіз үй-жайдан тыс болуына жол берген 2268 ата-ана анықталса, тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін 109 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қызылорда облысы ПД баспасөз қызметі

## ДАУ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТӘРТІППЕН РЕТТЕЛДІ

**Арал аудандық сотында талап қоюшы Н.-ның жауапкер Б.-дан баласы үш жасқа толғанша алимент өндіру туралы талабы сотқа дейінгі тәртіппен реттелді. Іс құжаттарынан белгілі болғандай, тараптар бір-бірінен бөлек тұрады, талап қоюшы баланы бағып-күтумен айналысатындықтан еш жерде жұмыс істемейді.**

Судья әңгімелесу барысында тараптарға дауды татуластыру рәсімі бойынша шешуді ұсынып, медиативтік келісім жасаудың артықшылықтары мен салдарын түсіндірген. Нәтижесінде тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген. Келісімнің шарттары бойынша, жауапкер талап қоюшының пайдасына баласы үш жасқа толғанша ай сайын 14 айлық есептік көрсеткіш көлемінде алимент төлеп тұруға міндеттенген, ал талап қоюшы болса, өзінің қойып отырған талабынан бас тартып, істі өндірістен тоқтатуды сұраған.

Сот тараптардың тілегін ескере отырып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің заңға қайшы келмейтінін немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын назарға алып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сот ұйғарымымен бекітілді.



## ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

**Елдегі сот жүйесі – әділдіктің айнасы. Сондықтан сот төрелігін іске асыратын судьялар корпусы қызмет бабында және одан тыс уақытта жалпыға бірдей әдеп нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Осы тұрғыдан 2016 жылы 21 қарашадағы ҚР судьяларының ІV съезінде Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Аталған кодекс Конституция мен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына негізделі отырып жасалынған.**

Он бес баптан тұратын кодексте Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерінің, БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидалары, судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау, үстемдікті құқық пен демократияның, ал сот билігінің тәуелсіздігін әділ сот талқылауына деген құқықтың базалық элементі, сонымен қатар жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін жүріс-тұрыстың әдеп қағидалары белгіленген.

Осы кодекстің елімізде ғана емес, Венециядағы «Құқық арқылы демократия үшін» Еуропалық комиссия тарапынан да оң баға алғанын айта кеткен жөн.

Судья әдебі – бүкіл судьялар қауымдастығының жұмысына қатысты судья әріптестерден бастап, қарапайым азаматтармен, түрлі топтармен қызмет бабында және одан тыс уақытта қатынасқа түскендегі өзін-өзі ұстауы мен шектеулері.

Кодекстің 4-бабында көрсетілгендей судьяның соттан тыс жердегі жүріс-тұруы, оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуге тиіс. Судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процесстік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процесстік емес

байланыстарды, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса, болдырмауға тиіс. Осы ретте Қазақстанның сот жүйесінің ерекшелігіне сай судьялар өндірістік немесе аяқталған істер бойынша және басқа да мән-жайларға байланысты азаматтар мен заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдау жүргізуіне құқығы жоқ екендігін ескерген жөн.

Осы кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын атқарып отырған қызметіне қарамастан Қазақстанның барлық судьялары, сондай-ақ отставкадағы судьялар орындауға тиіс. Судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ, сот төрелігін іске асыру мен судьялардың жүріс-тұрыс саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануға тиіс. Судья судьялар қауымдастық органына жүріс-тұрысының мүмкін моделінің судьялардың нақты жағдайдағы жүріс-тұрысының әдеп қағидаларына сәйкестігі туралы сұрау салып, жүгінуге құқылы. Судьялар қауымдастығының мұндай сауалды қарау нәтижелері жөніндегі жауабы ұсынымдық мәнде болады.

Жалпы алғанда, Судья әдебі кодексі судьялар корпусының қазіргі құрамын кәсіби және адами-әдеп жағынан нығайтудың құралы. Әділ сот бар ел – дамыған ел. Сондықтан сот жүйесіне деген сенім басты орында тұруы тиіс.

**Салтанат УМАРСЕРИКОВА,  
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

## ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ОРНАТУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

**«Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасының алғышарты – дұрыс әрі әділ шешім шығаратын сот жүйесін қалыптастыру. Бұл ретте елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жұмыстары жыл санап жетілдіріліп келеді.**

Қарақылды қақ жаратын әділ сот төрелігін жолға қою мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның жарқын дәлелі ретінде Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін Қазақстан судьяларының съезін айтуға болады.

Сондай-ақ, құқықтық мемлекет белгісінің бірі – сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына тәуелсіз қызмет атқаруы.

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қалағанда, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі. Себебі, елдегі бар азаматтар заң алдында тең болғандықтан оларға қатысты заңбұзушылық жағдайы байқалғанда істің ақ-қарасын анықтап, айыптыны заңға бойұсындыратын да сол мемлекеттік сот органы.

Қазақ елінің тарихында ел басқару ісіндегі билер жүйесі, оның мәдениеті, әдеп, тәртібі, өнегесі ерекше құбылыс болғаны анық. Ертеден қалыптасқан бұл

жүйе Ұлы далада биік шыңға көтерілді.

Білімдер синтезіндегі құбылыс ретінде билер жүйесі халықтың қалыптасуына, ой санасына, тіршілігіне, әлеуметіне және мәдениетінің өсуіне зор ықпал етті. Сонымен қатар, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған ұлы сөз бар.

Би – қазақ қоғамында ердің құны, нардың пұлы болса да, дауды екі ауыз сөзбен шешетін адам. Би – өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт: «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген ұлы сөз де осыдан қалған.

Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Әз Тәукенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білу, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылған.

## 7 ЖАСТАҒЫ БҮЛДІРІШН АМАН-ЕСЕН ТАБЫЛДЫ

**Қызылорда қалалық Полиция басқармасының «102» арнасына жергілікті тұрғын хабарласып 7 жастағы баласын үй маңында ойнап жүріп, қайта үйіне ораламағаны туралы арызданды.**

Жоғалған баланы табуға Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Ақсай полиция бөлімінің жеке құрамы мен ювеналды полиция бөлімшесінің

қызметкерлері, Төтенше жағдайлар департаменті, Ұлттық ұлан сарбаздары және еріктері жұмылдырылды.

Полицейлер қала үшін көліктерімен аралап, ұчаскелік полиция инспекторлары көшелердің арасындағы қуыстардың барлығын түгелімен тінтті. Осылайша жедел жүргізілген іздеу шараларының нәтижесінде бүлдіршін аман – есен табылды. Тәртіп сақшылары баланы аман-есен тауып, ата-анасына табыстады.

Дін аман табылған бүлдіршінің ата – анасы 102-ге хабарласқан сәттен бастап, бірден іздетіруге кіріскен және кәсібилік пен жеделділік танытқан полиция қызметкерлеріне алғыстарын жеткізді.

Егерде сіздің баланыз немесе жақыныңыз із-түссіз жоғалып жатса, онда уақыт өткізбей тез арада полицияның 102 нөміріне қоңырау шалыңыз. Полицейлер жоғалған жанды жедел табу үшін іздетіру шараларын атқаруға әрдайым дайын.

**М.ТҮРҒАНБАЕВ,  
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының төрағасы**

## Тағылым

## ҒАНИҒА ЕЛДІК ҚҰРМЕТ

Қазалыда басталып, Мәскеуде жалғасты



Тарлан тарихтың дерегіне сүйенсек, 3 маусым- XX ғасырдың 1919-1925 жылдары жарқын іс қызметімен Шығыстың шамшырағы атанған, Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі, республикалық «Жас Алаш» газетінің тұңғыш редакторы, көрнекті қоғам қайраткері, небәрі 23 жыл ғана ғұмыр кешкен Ғани Мұратбаевтың (1902-1925 жж) бұл дүниесінен ашқанына тура 121 жыл толды.

Жылдағы ізгі дәстүр бойынша Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғанидың туған топырағы Қазалы өңірінде жарқын тұлғаның туған күніне орай Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейінің ұйымдастыруымен, Қазалы ауданы әкімдігінің қолдауымен 2 маусымда Қазалы қаласында орналасқан мекемелер арасында Ғани жүздісі үшін ауыспалы кубок кіші футболдан турнир және «Мәңгілік шырқан жырмысы» атты жас ақындар мұшайрасы өткізілді.

Музей жанындағы Ғани ескерткіші орналасқан алаңда өткен игі шараны жыр додасын аудан әкімінің орынбасары Д. Тілеуіметов ашып, жастар көшбасшысының өмірбаяны, қысқа мерзімде атқарған ерен еңбегіне, бүгінгі жастарымыз одан үлгі алу қажеттілігіне тоқталды. Ел-жұрт әдеттегідей көп жиналған мәні зор шара әрмен қарай жалғасып, жастар жетекшісіне гүл шоқтарын қою рәсімі болды. Жас өнерпаздар сахнаға көтеріліп, жалын атқан Ғанидың образын театр тілімен сомдады. Аудандық Қорқыт ата атындағы өнер мектебінің домбырашы - мұғалімі Р. Айтқожаұлы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, атақты күйші, композитор Ш. Әбілтайұлының Ғаниға арналған күйін тамылжыта орындады.

Өте тартысты өткен жыр мұшайрасында ауданның әр ауылынан келген 14-29 жас аралығындағы 10 жас талапкер қатысып, бақ сынады. Жырдан шашу шашты. Нәтижесінде,

Ғ. Мұратбаев ауылындағы №91 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Б. Сәбитов бірінші, Аранды ауылындағы №97 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Ш. Ақниет екінші, ал Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің студенті Ш. Берікбол мен Жанқожа бағыр ауылынан қатысқан жас өрен Ұлмамбет үшінші орынды еншіледі. Өсерлі өткен шара соңында кіші футбол турнирімен жыр мұшайрасы жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды.

Сүйсінерлігі сол заманында Күншығыс жастарының көшбасшысы болған жарқын іс қызметі жалынды сөз арқылы жалын жүрек жастарды нұрлы өмірді бастай білген Ғани сынды арысымыздың рухына тағзым ету шарасы бұл жолы шалғайдағы Ресей астанасы Мәскеу қаласындағы жарасты жалғасын тапты. Мәскеу шаһарындағы ұлтжанды бауырларларымыз сол күнгі нәсер жаңбырды елемей, осындағы қазақ қауымдастығының төрайымы А. Байғазиевтің бастамасын қолдаған С. Тойғанбаев, Г. Бекарыстанова, Г. Толағанов, жоғарғы оқу орнының аспиранты Жұмағұл, Қазалылық Байсақаловтар әулеті болып, Алаш арысы мәңгілік тұрағын тапқан аталған қаладағы байырғы «Вагяньково» зиратына арнайы барып, зиярат етті. Қабір басындағы көрікті ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Зәулім каладағы мұсылмандар мешітінің иمامы Марат Аршабаев Ғани марқұмының аруағына арнап, құран бағыштады. Байқалып отырғандай, өзі өмірден өтсе де, жасампаз рухы бізбен бірге жасасып келе жатқан Ғанидай асыл ағамызға биыл көрсетілген елді құрмет ортаймаған қазаны, атықты күйші, композитор Ш. Әбілтайұлының Ғаниға арналған күйін тамылжыта орындады.

Өте тартысты өткен жыр мұшайрасында ауданның әр ауылынан келген 14-29 жас аралығындағы 10 жас талапкер қатысып, бақ сынады. Жырдан шашу шашты. Нәтижесінде,

**Р. АСАНОВА,**  
Ғани Мұратбаевтың  
мемориалдық музейінің  
менгерушісі

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС -  
БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Ізгілікті қоғамның іргесі әділдіктің салтанат құруымен нығаяды. Тұралықты ту еткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған әуелден басымдық танытып, сайлаудай тұғырнамасына үш ұстанымның бірін – әділдік деп атады. Ал оған бастайтын қадам – жемқорлықты түп-тамырымен жою.

Иә, сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүгінгі таңда күн тәртібінен түспей тұрған күрделі мәселелердің бірі. Әлемнің көптеген елдері секілді біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді. Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін түрі – паракорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып бірігіп, белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да үлкен қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда «Әділдік жоқ жерде пара алу жүреді» деген сөз халық арасында белең алған. Егер сыбайлас жемқорлық жойылса, халықтың сенімі пайда болып, күдік те сап тыйылар еді. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын, құқықтарын жетік біліп, жіті түсініп, абыройы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауға тиісті. Сонда ғана сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Сондықтан оның алдын алып, қоғамнан жою, оның ұлғаюына жол бермеу халықтың өзінің қолында.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау – әрбір Қазақстан азаматының азаматтық ұстанымына айналса ғана, жемқорлыққа қарсы шаралар нәтижелі болары сөзсіз.

**Шиелі аудандық жұмыспен  
қамту, әлеуметтік бағдарламалар  
және АХАТ бөлімі**

## МӘМС

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫС  
БЕРУШІЛЕРДІҢ МӘМС ТӨЛЕМ ЖАСАҒАН  
КЕЗДЕ ЕСКЕРЕТІН ТОП-10 ЖАҒДАЙ

Халықтың экономикалық белсенді бөлігі - МӘМС үшін төлем жасайды және оның айтарлықтай үлесін жұмыс берушілер мен қызметкерлер құрайды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жұмыс істейтін азаматтардың сақтандыру мәртебесін ала алмауы бойынша жиі қойылатын сұрақтар мен жағдайларға жауап берді.

**Жалдамалы қызметкерлер мен жұмыс берушілер МӘМС төлемдері бойынша негізгі білу керек?**

Қызметкер үшін төлемнің екі түрі түседі:  
1) аударымдар – жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. 2023 жылы оның мөлшері қызметкер жалақысының 3 пайызын құрайды. Аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ЕТЖ-ның 3%-нан аспауы керек (3%\*10\*70000=21000 тенге);

2) жарналар – жұмыс беруші қызметкердің жалақысынан 2% ұстайды. Бұл ретте аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ЕТЖ-ның 2%-нан аспауы тиіс (2%\*10\*70000=14000 тенге).

Айта кету керек, жұмыс беруші қызметкерді МӘМС-ға төленетін жарналар мен аударымдар туралы хабарлар етуге міндетті.

Төлемді банктің кез келген бөлімшесі арқылы келесі шотқа төлеуге болады:  
KZ92009MEDS368609103  
BSN 160440007161  
BSK GCVPKZ2A

Төлем тағайындау коды – 121 (аударымдар), 122 (жарналар).

Төменде біз жиі қойылатын сұрақтарға жауапты ұсынамыз.

**1. Мүгедектігі бар қызметкерден жарналар ұсталына ма?**

Сұрақ: Біз шағын жеке фирмамыз. Аяғында кемістігі бар ресми мүгедектігі бар программистті жұмысқа қабылдадық. Біз ол үшін аударымдарды төлеп, жалақысынан МӘМС жарнасын ұстауымыз керек пе?

Жауап: Мүгедектігі бар адамдар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді, себебі олар халықтың 15 жеңілдік санатына кіреді. Демек, жұмыс беруші олар үшін аударымдарды төлемейді және жарналарды ұстамайды.

Сонымен қатар, жұмыс беруші қызметкерлердің келесі санаттары үшін МӘМС төлемдерін аудармайды:

- Балалар
- Зейнетақы жарналарын алушылар
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар

- Мүгедектігі бар адамдар
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар

- Жүктілікке және босануға, жана туған баланы (балаларды) асырап алуға, баланы (балаларды) үш жасқа толғанға дейін күтуге байланысты демалыстағы адамдар.

**2. Жұмысқа жақында орналасса, қалай төлем жасайды?**

Сұрақ: Мен 2022 жылдың қыркүйегінде жұмысқа тұрдым. Оған дейін ресми түрде екі жыл жұмыс істемедім. Жұмыс беруші мен үшін МӘМС аударымдары мен жарналарын үзбей төлейді. Жақында емханаға барсам, мәртебең «сақтандырылмаған» деді. Мен үшін төлемдер жүргізіліп жатса, неге мәртебең жоқ? Оны қалай алуға болады?

Жауап: Сіз екі жыл жұмыс істемедім дегеніңіз, яғни осы кезде МӘМС-ға жарна төлемеген сияқтысыз. Заң бойынша, «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі өткен немесе алдағы 12 ай үшін төлем жасалған кезде беріледі.

Қазір сіз жұмыс істейсіз және ай сайын түсімдер болғандықтан, алдағы бір жылға төлем жасай алмайсыз. Сіздің жағдайда өткізіп алған кезеңдерге жарна төлеу керек, бірақ ол соңғы

12 айдан аспауы тиіс. Дербес төлеуші ретінде, яғни 2022 жылғы сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз айлары үшін жеке-жеке 3000 теңгеден (2022 жылғы жарна мөлшері) төлем жасау қажет. Әрі қарай, жұмыс беруші аударған төлемдер көрсетіледі. Өткізіп алған кезеңдер үшін төлем жасаған соң, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы төлемдерді өңдегеннен кейін сізге мәртебе 2-3 күн ішінде беріледі.

**3. Жұмыс беруші жарналар мен аударымдарды төлемейді**

Сұрақ: Мен жекеменшік жұмыста істеймін. Бірақ онда мен үшін тиісті жарналар мен аударымдар жасалмайды. Қазір маған МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмекті шұғыл алу қажет. Не істеу керек?

Жауап: Егер жұмыс беруші сіз үшін міндетті тұрақты жарналар мен аударымдарды жасамаса, онда ол еңбек, әлеуметтік және салық саласындағы заңнаманы бұзған болып есептеледі. Бұл үшін жауапкершілік қарастырылған.

МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін сіздің «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебенің болуы керек. Сіз оны өткен 12 айға немесе алдағы 12 ай үшін жарналарды төлеу арқылы ала аласыз. Әр айға жеке жеке төлем жасау керек. Осы ретте ескеретін жағдай, дербес төлеушілер 2022 жылы МӘМС үшін 3 000 теңге, 2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшерінің ұлғаюына байланысты 3 500 теңге төлеуінің ескерініз.

**4. Көп балалы анадан жарналарды ұстамай ма?**

Сұрақ: 5 баласы бар әйел кәсіпорында жұмыс істейді. Бірақ оның медальдері жоқ. Есепші көп балалы ана ретінде оның жалақысынан жарналарды ұстап қалуы керек пе?

Жауап: Жұмыс беруші жеңілдікті санаттарға кіретін қызметкерлер үшін, оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар үшін жарналар мен аударымдарды төлемейді.

Егер бұл қызметкердің осындай марапаттары болмаса, МӘМС төлемдерінен босатылмайды. Сондықтан жұмыс беруші ол үшін жарналарды (жалақысынан ұстап қалу арқылы) және аударымдарды (өз қаражаты есебінен) заңнама талап еткендей төлейді.

**5. Күндізгі оқу нысанында оқып, жұмыс істейтін студенттер жарналарды ұстау керек пе?**

Сұрақ: Мен күндізгі оқу бөлімінде оқимын және кафеде жұмысқа тұрдым. Менің жалақыма МӘМС жарналары ұсталыпты. Бірақ мен онысыз да сақтандырылғанымды білемін. Себебі, мен үшін мемлекет жарна төлейді. Жұмыс беруші айтса істеп отыр ма? Жауап: Сіз дұрыс айтасыз. Егер күндізгі бөлімде оқитын студент болсаңыз жеңілдік санатына кіресіз және мемлекет сіз үшін МӘМС жарналарды төлейді. Сол себепті жұмыс беруші сіздің жалақыңыздан ұстап қалмауы тиіс. Сіз жұмысыңызға оқу орныңыздан оқу кезеңін көрсететін анықтама әкеліп бере аласыз.

**6. Жалдамалы жұмыскердің мәртебесі қанша уақытқа дейін сақталады?**

Сұрақ: Біздің жұмысымызда барлық міндетті төлемдер кешіктіріліп төленеді. Мысалы, наурыз айы үшін тек сәуірде түседі. Сұрайын дегенім ай сайын уақытында төленбесе, мәртебең сақталма ма?

Жауап: Сіз бірыңғай жиынтық төлем туралы естіген шығарсыз. Иә, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар БЖТ-ны уақытлы төлеуі керек. Себебі келесі айға төлем жасалмаған жағдайда мәртебесінен айрылады. Азаматтар бұл төлем түрін өткен айларға төлей алмайды.

Қызметкерлерге арналған жарналарға келетін болсақ, олар (БЖТ-ны қоспағанда, төлеушілердің басқа санаттары сияқты) соңғы төлем күнінен бастап 3 ай бойы сақталады. Егер жұмыс беруші ақпан айына жарна төлеген болса, онда сіздің МӘМС жүйесіндегі мәртебенің шартты түрде мамырға дейін сақталады. Осы уақыт аралығында жұмыс беруші ҚР заңнамасында көзделген төлемдерді жүзеге асыра алады. Осылайша, сәуір айында наурыз

айындағы жарналарды төлеген кезде мәртебең өзгеретіні.

**7. Екі жұмыс орнынан жарналар қалай есептеледі?**

Сұрақ: Егер азамат екі жерде жұмыс жасаса, онда МӘМС жарналарын екі ұйымның бухгалтері де ұстауы керек пе? Бірақ біз жұмыскердің басқа жердегі жалақы мөлшерін білмейміз, сондықтан жарналар мен аударымдар мөлшері шектен асып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Жауап: Дұрыс, МӘМС-ке қызметкер үшін аударымдар (жұмыс берушінің қаражаты есебінен) әрбір жұмыс орнынан жүргізілуі тиіс. Бірақ әр жұмыс орнынан төленетін сома айына 21 000 теңгеден (10 ЕТЖ-дан 3%) аспауы тиіс. Қызметкердің жалақысынан ұсталатын жарналарға келер болсақ, қанша жұмыста істесе де, жалпы сомасы 14 000 теңгеден аспауы қажет (10 еселенген ЕТЖ-дан 2%).

Қызметкер сізге басқа жұмыс орнынан жалақы туралы анықтама әкеліп беруі керек. Мысалы, егер ол бірінші ұйымнан 450 000 теңге, ал сізде 350 000 теңге алатын болса, онда сіз тек 250 000 теңгеден жарна есептейсіз (700 000 – 450 000 = 250 000). Егер жалпы табыс 700 000 теңгеден аз болса, онда әрбір ұйымдағы жалақының толық мөлшерінен есептеледі.

**8. Ұзақ демалыста болған кезде «сақтандырылған» мәртебесін қалай жоғалтауға болады?**

Сұрақ: Ресми түрде жұмысқа орналасқаным. 56 күнге ұзақ демалысқа шықтым. Бухгалтер барлық аударымдарды бір рет төлейді, ал келесі ай үшін төлем көрсеткіші бек болады. МӘМС аясында сақтандырылған болып қалу үшін не істеу керек?

Жауап: Сіздің жұмыс берушіңіз МӘМС төлемдерін дұрыс бөлуі қажет. Егер демалыс бір айдан асып болса, МӘМС үшін төлемдерді кезеңдерге бөлу қажет.

Мысалы, жұмыскер сәуір мен мамыр айларында демалыста болса, бухгалтер төлемдерді екі кезеңге бөлуі керек: жарналардың бір бөлігін наурыз айына және бір бөлігін сәуірге төлеуі тиіс. Аударымдар да дәл осылай жүргізілуі керек.

**9. Жұмыс істейтін жүкті әйелдер мәртебесін қалай алады?**

Сұрақ: Жүкті әйел ресми түрде 2023 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс істейді. Бұған дейін жарналарды төлемеген. Қазір ол сақтандырылмағандықтан есепке тұра алмайды. Не істеу керек?

Жауап: «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесін алу үшін бұл әйел соңғы 12 айдағы өткізіп алған кезеңдер үшін дербес төлеуші ретінде жарналарды төлеуі керек. Егер жұмыс беруші 2023 жылғы қаңтардан наурызға дейін төлемдер жасаған болса, онда оған 2022 жылғы сәуірден желтоқсанға дейін 3000 теңгеден (2022 жылғы жарналар мөлшері) әр айға жеке жеке төлем жасау қажет.

Бұл жүкті әйел жұмыс істейтін болғандықтан, жеңілдікті санатқа кірмейді.

**10. Жұмыстан шығып кетсе, мәртебені қалай сақтауға болады?**

Сұрақ: Мен ақпан айында жұмыстан шығып кеттім. Бұрын мен үшін барлық төлемдер жасалған. Сақтандырылған болып қалу үшін өзім жарналарды төлей бере аламын ба?

Жауап: Сақтандырылған мәртебесінен айрылау үшін және МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін МӘМС төлемдері міндетті болып табылады. Сондықтан, егер сіз жұмыстан шығып кеткен болсаңыз, дербес төлеуші ретінде – айына 3500 теңгеден немесе бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеуші ретінде МӘМС жарналарына төлем жасауды жалғастыруыңыз қажет. БЖТ мөлшері адамның тұрғылықты жеріне байланысты өзгереді. Егер облыстық республикалық маңызы бар қалада немесе астанада тұрса, 2023 жылы 1 АЕК немесе 3063 теңге төлеу керек. Қалған елді мекендердің тұрғындары 0,5 АЕК немесе 1725 теңге төлейді.

Бұл азамат жұмысқа орналасқан кезде, жұмыс беруші әрі қарай жарналар мен аударымдарды төлейтін болады. Осылайша ол қарыздың пайда болуына жол бермейді және өз мәртебесін сақтап қалады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ел Орда Арнау» ЖШС-сі «Астана қ., Есіл ауданы, Бұқар Жырау және Қ.Қайсенов көшелерінің киылысы аумағында орналасқан жапсарлас салынған үй-жайлары және паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені» (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттарсыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Ел Орда Арнау» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Нұра ауданы, Күлтегін к-сі, 13 үй, 368 пәтер, байланыс телефоны: +7 705 2561083, e-mail: grandprojectcom@list.ru

ЖК «Сунбеков ЖК» мекен жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>.

Барлық ескертүүлер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>, 21 маусым мен 13 шілде (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Нұра ауданы, Күлтегін к-сі, 13 үй, 368 пәтер, және +7 771 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Ел Орда Арнау» соообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, расположенный по адресу: г. Астана, район «Есил», район пересечения улиц Бұқар Жырау и Қ.Қайсенова» (без наружных инженерных сетей и сметной документации).

Адрес ТОО «Ел Орда Арнау»: г.Астана, район Нұра, ул. Күлтегін, д. 13, кв. 368, телефон: +7 705 2561083, e-mail: grandprojectcom@list.ru

Адрес ИП «Сунбеков ЖК.К.»: г. Астана, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 21 июня по 13 июля (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Астана, район Нұра, ул. Күлтегін, д. 13, кв. 368, и по телефону +7 771 5012674.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор  
Егиншибаева Анар  
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор  
Сыдықова  
Жанар  
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 19.10.2007 ж

**Редакцияның  
мекен-жайы:  
Қызылорда қаласы,  
Байтұрсынов  
көшесі 46/36**

**Телефон:  
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.